

2020 жылға арналған Май ауданының ұйымдарында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 13 қарашадағы № 294/11 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 қарашада № 6612 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабы 7-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 7), 8) тармақшаларына, 27-бабы 1-тармағының 2), 3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" № 412 бұйрығына сәйкес, Май ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Май ауданының ұйымдарында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Май ауданының әкімі

М. Ақтаев

Май ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "13" қарашадағы
№ 294/11 қаулысына
1-қосымша

2020 жылға арналған Май ауданының ұйымдарында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

	Жыл басындағы жұмыскерлердің	Квота мөлшері (жұмыскерлердің	

Р/с №	Ұйымның атауы	тізімдік саны (адам)	тізімдік санынан (%)	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	Май ауданы әкімдігі Май ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Май-сервис" Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	73	2	1

Май ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "13" қарашадағы
№ 294/11 қаулысына
2-қосымша

2020 жылға арналған Май ауданының ұйымдарында пробацция қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

Р/с №	Ұйымның атауы	Жыл басындағы жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (жұмыскерлердің тізімдік санынан %)	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	Май ауданы әкімдігі Май ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Май-сервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	73	2	1
2	Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Май аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	206	1	2